

"Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы" Қазақстан Республикасының Заңын күшіне енгізу тәртібі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің қаулысы. 1994 жылғы 08 шілде N 3000 Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2002.12.04. N 361 Заңымен.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі қаулы етеді:

1. "Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы жарияланған кезінен бастап күшіне енгізілсін.

2. Алдағы уақытта, Қазақстан Республикасының Заңдары "Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы" Заңға сәйкес келтіргенге дейін Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заң актілерінің осы Заңға қайшы келмейтін бөліктері қолданыла береді деп белгіленсін.

3. Министрлер Кабинетіне:

1994 жылғы 1 қыркүйекке дейін Үкімет шешімдерін "Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкестендіру;

Қазақстан Республикасы министрліктерінің, мемлекеттік комитеттерінің, ведомстволарының "Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына қайшы келетін өз қалыпты құжаттарын қайта қарап, күшін жоюын қамтамасыз ету тапсырылсын.

4. "Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының орындалуына бақылауды жүзеге асыру Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Денсаулық сақтау жөніндегі комитетіне жүктелсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Жоғарғы Кеңесінің Төрағасы